

2025 ЖЫЛҒЫ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ШОЛУ

Солтүстік Қазақстан (қысқаша нұсқасы)

Толық шолуды сілтеме арқылы көре аласыз:

<https://clck.ru/3MfNt6>



АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті серіктестер мен мүдделі тараптар!

Біз назарларыңызға Солтүстік Қазақстанның макроэкономикалық шолуын ұсынуға қуаныштымыз, онда Ақмола, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарын жан-жақты талдау қамтылған. Бұл макроөңір өзінің кең ауқымды ауыл шаруашылығы алқаптарының, минералдық ресурстар қорының, машина жасау және металлургия өнеркәсібінің дамуының, сондай-ақ негізгі транзиттік дәліздердің қиылысындағы тиімді географиялық орналасуының арқасында еліміздің экономикасында маңызды рөл атқарады.

Өткен жыл Солтүстік Қазақстан үшін тұрақты өсу және мүмкіндіктерді кеңейту кезеңі болды. Сыртқы қатерлерге, оның ішінде шикізаттың әлемдік бағасының ауытқуына және логистикалық тәуекелге қарамастан, өңірдің экономикасы икемділік пен жоғары бейімділікті көрсетті, бұл аграрлық өндіріс көлемінің өсуінен, көлік және энергетика инфрақұрылымын жаңғыртудан және дәстүрлі салаларға цифрлық шешімдерді белсенді енгізуден көрініс тапты.

Солтүстік Қазақстан жоғары инвестициялық тартымдылығын сақтап отыр. Агроөнеркәсіптік кешенді, металлургиялық секторды және машина жасауды дамыту, жаңа кластерлік бастамаларды ілгерілету, сондай-ақ бизнесті қолдаудың нысаналы мемлекеттік бағдарламалары макроөңірдің барлық саласында ұзақ мерзімді және теңгерімді экономикалық өсу үшін қолайлы жағдай жасайды.

Біз осы шолудың Солтүстік Қазақстанның қазіргі жағдайының объективті көрінісін байқауға, ынтымақтастық орнату үшін неғұрлым болашағы зор бағыттарды анықтауға және салмақты инвестициялық шешім қабылдауға мүмкіндік беретініне сенімдіміз.

Құрметпен,



«BCC Invest» АҚ
Басқарма Төрағасы

Шаяхметов Д.Н.



«BCC Invest» АҚ
Басқарма Төрағасының
орынбасары
Оразақов Ә.Н.

Өңірлік экономика

Алдын ала деректер бойынша 2024 жылы Қазақстан Республикасының экономикасы номиналды мәнде 134,3 триллион теңгені құрады, ал нақты мәнде еліміз 4,8%-ға өсті. Мына салалар нақты өсудің негізгі драйверіне айналды:

I. «Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу» – 8,8%;

II. «Құрылыс» – 13,1%;

III. «Өңдеуші өнеркәсіп» – 5,9%;

IV. «Ауыл, орман және балық шаруашылығы» – 13,3%;

V. «Көлік және қоймаға жинау» – 8,5%.

2024 жылдың қорытындысы бойынша елімізде 17 облыс және республикалық маңызы бар 3 қала бар. Елімізді аумақтық жағынан 6 негізгі топқа бөлуге болады.


1-кесте. Қазақстандағы облыстарды өңірлерге топтастыру

№	Облыс	Өңір
1	Абай	Шығыс Қазақстан
2	Шығыс Қазақстан	
3	Ақтөбе	Батыс Қазақстан
4	Атырау	
5	Батыс Қазақстан	
6	Маңғыстау	
7	Қарағанды	Орталық Қазақстан
8	Ұлытау	
9	Ақмола	Солтүстік Қазақстан
10	Қостанай	
11	Павлодар	
12	Солтүстік Қазақстан	
13	Алматы	Оңтүстік Қазақстан
14	Жамбыл	
15	Жетісу	
16	Қызылорда	
17	Түркістан	
18	Астана	Республикалық маңызы бар қалалар
19	Алматы	
20	Шымкент	

Дереккөз: BCC Invest компаниясының талдауы

2024 жылдың қорытындысы бойынша солтүстік Қазақстанның жалпы өңірлік өнімі номиналды түрде 16,8 трлн теңге деңгейіне жетті, бұл еліміздің жалпы ішкі өнімінің номиналды деңгейінің 12,5%-ын құрайды. Өңір нақты мәнде 9,0%-ға өсті, бұл еліміздің экономикасының жалпы өсуіне қосқан үлестің 20,3%-ын құрайды.

1-сурет. 2024 жылғы ЖІӨ-нің нақты өсуіне үлес бойынша өңірлердің декомпозициясы



Дереккөз: ҰСБ деректері, BCC Invest компаниясының талдауы

2024 жылы Солтүстік Қазақстан қалыпты, бірақ тұрақты өсудің жалпы сипаттамасымен экономикаға сенімді және оң үлесін көрсетті. Барлық төрт облыс +3,8%-дан +4,7%-ға дейін үлесін қосты, бұл өңірдің теңгерімді дамуын білдіреді.

Өңір Ресей Федерациясымен, сондай-ақ Қазақстанның батыс, орталық және шығыс өңірлерімен шектесіп жатыр. Солтүстігінде Ресейдің Омбы, Қорған, Челябин,

Орынбор және Алтай облыстарымен құрлықтағы түзу шекара бар.

Өңір Батыс Сібір жазығы мен Қазақтың шағын адырының түйіскен жерінде орналасқан, бұл жазықтықтардан бастап қыратты далаға дейін әртүрлі бедерді қалыптастырады. Климаты – күрт континентті, жазы ыстық және қысы суық, бұл өтетін Воейков осімен түсіндіріледі.

2-кесте. 2024 жылдың қорытындысы бойынша өңір экономикасының құрылымы

№	Аймақ	Номинал, млрд теңге	Құрылымы, %	Жылдық өсім, %-бен	НКИ	Салалардың өңірдің НКИ-іне қосқан үлесі
1	Солтүстік Қазақстан	16 826,0	100%	14,4%	109,0	9,0
2	Ақмола облысы	4 094,0	24,3%	11,6%	110,0	2,5
2.1	Тауар өндірісі	2 287,8	13,6%	13,4%	112,7	1,7

№	Аймақ	Номинал, млрд теңге	Құрылымы,%	Жылдық өсім, %-бен	НКИ	Салалардың өңірдің НКИ- іне қосқан үлесі
1	Солтүстік Қазақстан	16 826,0	100%	14,4%	109,0	9,0
2.2	Қызмет көрсету өндірісі	1 709,5	10,2%	10,8%	107,0	0,7
3	Қостанай облысы	4 927,6	29,3%	11,1%	106,7	2,0
3.1	Тауар өндірісі	2 504,3	14,9%	11,1%	117,3	2,7
3.2	Қызмет көрсету өндірісі	2 355,5	14,0%	13,9%	95,0	-0,7
4	Павлодар облысы	5 150,8	30,6%	17,8%	107,9	2,3
4.1	Тауар өндірісі	2 687,4	16,0%	23,2%	107,7	1,1
4.2	Қызмет көрсету өндірісі	2 193,5	13,0%	15,3%	109,1	1,2
5	Солтүстік Қазақстан облысы	2 653,6	15,8%	19,1%	114,2	2,2
5.1	Тауар өндірісі	1 287,1	7,6%	22,1%	121,3	1,5
5.2	Қызмет көрсету өндірісі	1 310,5	7,8%	18,9%	108,1	0,6

Дереккөз: ҰСБ деректері, BCC Invest компаниясының талдауы

Жиынтығында солтүстік Қазақстанның экономикасы 2023 жылмен салыстырғанда 2,1 трлн теңгеге немесе 14,4%-ға ұлғайып, 16,8 трлн теңгені құрады. Солтүстік Қазақстанның өсімі елдің жалпы өсімімен салыстырғанда 2 пайыздық тармаққа артық (еліміздің ЖІӨ өсімі 12,4%). Номиналды өсімге ең көп үлес қосқан Павлодар облысы (ЖӨӨ-нің 30,6%) және Қостанай облысы (ЖӨӨ-нің 29,3%), яғни жиынтығында

облыстар жалпы ЖӨӨ-нің үштен екі бөлігін қамтамасыз етті.

Нақты көлем индексі (бұдан әрі – НКИ) немесе өндірістік сектордың экспансиясымен, сондай-ақ көрсетілетін қызметтер саласының тұрақты дамуымен негізделген тұрақты нақты өсуді көрсете отырып, солтүстік өңір бойынша нақты өсім 109,0 құрады. Қалыптасқан нәтижеге ең көп үлес қосқан Ақмола облысы, оның нақты экономикалық өсімі 110,0 құрады.

Жергілікті мемлекеттік бюджет

Өңірлердің қаржылық тұрақтылығы айтарлықтай дәрежеде экономиканың жай-күйімен ғана емес, бюджет жүйесінің құрылымымен де айқындалады. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің есебіне сай 2024 жылы еліміздің *(республикалық және жергілікті бюджеттерді қамтитын)* мемлекеттік бюджеті мынадай негізгі параметрлермен қалыптастырылды:

- кіріс – 27,1 трлн теңге немесе ЖІӨ-нің 20,2%;
- шығыс – 30,7 трлн теңге немесе ЖІӨ-нің 22,9%;
- тапшылық – 3,6 трлн теңге немесе ЖІӨ-нің 2,7%.

Жалпыұлттық міндеттерді қаржыландыру бойынша негізгі жүктемені республикалық бюджет көтереді, оның үлесіне 2024 жылы мемлекеттік бюджеттің жалпы көлемінен кірістің 72,3%-ы және шығыстың 75,8%-ы тиесілі. Республикалық деңгей негізгі салық түсімдерін шоғырландырады және оларды өңіраралық инфрақұрылымдық және әлеуметтік бастамаларды қоса алғанда, ауқымды мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға бағыттайды.

Сонымен қатар жергілікті бюджеттер жергілікті жерлерде әлеуметтік саланың, коммуналдық инфрақұрылымның, білім беру және денсаулық сақтаудың жұмыс істеуін қамтамасыз етуде негізгі рөл атқарады. Олар өңірлік саясаттың маңызды құралы болып табылады және халықтың өмір сүру сапасына тікелей әсер ететін күнделікті міндеттерді шешуді қамтамасыз етеді.

Солтүстік Қазақстанды талдау тұрғысынан алғанда, негізгі төрт облыстың – Ақмола, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарының жергілікті бюджеттерінің құрылымы мен динамикасын қарастыру қызығушылық тудырады. Олардың

кірісін, шығысы мен трансферттерін талдау өңірлердің фискалдық өзін-өзі жеткіліктілігі, олардың республикалық орталыққа тәуелділік деңгейі және жергілікті жерлердегі бюджет саясатының басымдықтары туралы пайымдауға мүмкіндік береді.

2024 жылы еліміздің барлық өңірінің жергілікті бюджеттерінің жиынтығында мынадай параметрлер болды:

- кіріс – 15,3 трлн теңге немесе ЖІӨ-нің 11,4%;
- шығыс – 15,4 трлн теңге немесе ЖІӨ-нің 11,4%;
- тапшылық – 8,4 млрд теңге немесе ЖІӨ-нің 0,01%.


Сонымен жалпы мемлекеттік бюджеттің кірісінің 56,6% және шығысының 50,0% жергілікті деңгейге тиесілі болды, бұл олардың аумақтық әлеуметтік-экономикалық саясатты іске асырудағы маңыздылығын көрсетеді.

Республикалық және жергілікті бюджеттердің тікелей сомасы мемлекеттік бюджеттің жиынтық көлеміне тең еместігін ескеру керек. Бұл бюджет жүйесінің деңгейлері арасында өзара трансферттердің болуымен түсіндіріледі, көбінесе республикалық бюджеттен жергілікті

бюджеттерге берілетін нысаналы және ағымдағы трансферттер түрінде. Мұндай операциялар республикалық бюджеттің шығысы ретінде және сонымен бір мезгілде жергілікті бюджеттің кірісі ретінде есепке алынады, бұл жай қосылғанда екі еселенген қайта есептеуге және жиынтық агрегатталған көрсеткіштерді арттыруға әкеп соғады. Сондықтан мемлекеттің жалпы фискалдық позициясын талдаған кезде мемлекеттік бюджеттің көрсеткіштерін бюджеттер арасындағы ішкі трансферттерден тазартылған шоғырландырылған деңгей ретінде дұрыс пайдалану керек.

Еліміздің жергілікті мемлекеттік бюджеттерінің құрылымында 2024 жылдың қорытындысы бойынша Солтүстік Қазақстан еліміздің барлық облысының жиынтық кірісінің 15,7% кіріс үлесіне ие, ал олардың шығысының үлесі – 16,2%. Бұл макроөңірдің айтарлықтай фискалдық белсенділігін көрсетеді, ол тек экономиканың ауқымдылығымен ғана емес, сонымен қатар жергілікті жерлерде әлеуметтік және инфрақұрылымдық жүктемені қаржыландыру үшін қажетті трансферттердің едәуір көлемімен де байланысты.

2-сурет. 2024 жылға арналған Солтүстік Қазақстанның жергілікті бюджеттерінің кірісі мен тапшылығы



Дереккөз: ҚМ деректері, BCC Invest компаниясының талдауы


Солтүстік Қазақстанның жергілікті бюджеттерінің кірісін талдау көрсеткендей, өңір 2,4 трлн теңге кіріс алды, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 159,5 млрд теңгеге немесе 7,1%-ға артық. Бұл ретте 2-суретте трансферт түсімі осы кірістің елеулі бөлігін, атап айтқанда 60,8%-ын құрайтыны көрінеді. Мұндай құрылым солтүстік өңірлердің, әсіресе шектеулі меншікті кіріс базасы мен ауқымды әлеуметтік міндеттемелер жағдайында республикалық бюджетке тәуелділігінің жоғары дәрежесін көрсетеді.

Салық түсімі Солтүстік Қазақстанның жергілікті бюджеттерінің барлық кірісінің тек 36,2%-ын немесе 869,2 млрд теңгені құрады. Олардың ішінде ең көп үлес қосқан жеке табыс салығы (278,5 млрд

теңге немесе салық түсімінің 32,0%), әлеуметтік салық (175,4 млрд теңге немесе 20,2%), акциз (166,4 млрд теңге немесе 19,1%), басқа да салық түсімі (126,7 млрд теңге немесе 14,6%) және корпоративтік табыс салығы (122,1 млрд теңге немесе 14,0%). Бұл өңірдің салық базасының салыстырмалы түрде тар екенін және трансфертке қатты тәуелді екенін көрсетеді.

Солтүстік Қазақстан бюджетінің кіріс бөлігі негізінен трансферттер мен жанама салық есебінен қалыптасады, бұл ретте өңір облыстарының шектеулі фискалдық дербестігі байқалады. Бұл әсіресе шағын және орта бизнесті дамыту, сондай-ақ экономикалық белсенді жұмыспен қамтуды кеңейту есебінен жеке салық базасын нығайту саясатын жалғастыруды талап етеді.

3-сурет. 2024 жылға Солтүстік Қазақстанның жергілікті бюджеттерінің шығысы



Дереккөз: ҚМ деректері, BCC Invest талдауы

3-суреттен көрініп тұрғандай, Солтүстік Қазақстанның жергілікті бюджеттерінің шығысы 2024 жылы 2,5 трлн теңгені құрады, бұл 87,2 млрд теңге (*трансферт ескерілмегенде 1,5 трлн теңге*) мөлшеріндегі тапшылықты қалыптастырып, өңірдің өз кірісінің деңгейінен асып түседі. Бір жылдың ішінде бюджет шығысы 211,1 млрд теңгеге немесе 9,3%-ға өсті. Шығыстың негізгі бөлігі ағымдағы шығынға – 2,45 трлн теңгеге немесе жалпы көлемнің 98,2%-ына тиесілі. Қалған бағыттар таза бюджеттік кредиттеуді (16,0 млрд теңге немесе шығыстың жалпы көлемінің 0,6%) және қаржы активтерімен операцияларды (29,1 млрд теңге немесе 1,2%) қамтыды.

Бюджет қаражатының ең көп көлемі мына шығынға бағытталды:

- Білім беру – 899,6 млрд теңге (*барлық шығынның 36,8%*), бұл осы бапты жергілікті шығынның құрылымында ең ірісі етеді. Білім беруді қаржыландыру басымдығы өңірлік биліктің мектеп және мектепке дейінгі инфрақұрылымды, педагогтардың жалақысын қолдауға және оқу процесін жаңғыртуға назар аударғанын куәландырады;
- Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (*бұдан әрі – ТКШ*) – 331,5 млрд теңге (*барлық шығынның 13,6%*), оның ішінде абаттандыру, сумен жабдықтау, жылумен жабдықтау және тұрғын үй бағдарламалары;
- Көлік және коммуникация – 238,6 млрд теңге (*барлық шығынның 9,8%*), бұл жолдарды, көлік желісі мен цифрлық арналарды қоса алғанда,

өңірлік инфрақұрылымның белсенді дамуын көрсетеді;

- Ауыл шаруашылығы және табиғат пайдалану – 225,6 млрд теңге (*барлық шығынның 9,2%*). Бұл аграрлық мамандануы айқын өңір үшін ерекше маңызды. Шығыс аграрийлерді қолдауға, жанар-жағармай материалдарын субсидиялауға және техниканы сатып алуға;
- Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік – 131,7 млрд теңге (*барлық шығынның 5,4%*), бұл мәдени инфрақұрылымның кеңеюін көрсетеді;
- Әлеуметтік көмек және қамтамасыз ету – 119,7 млрд теңге (*барлық шығынның 4,9%*) – маңызды, бірақ үстем емес компонент.

Денсаулық сақтау (67,4 млрд теңге немесе барлық шығынның 2,8%), қоғамдық тәртіп (60,1 млрд теңге немесе 2,5%), сәулет және өнеркәсіп саясаты (47,8 млрд теңге немесе 2,0%) сияқты өзге де бағыттардың үлес салмағы аз болды. Борышқа қызмет көрсету (8,6 млрд теңге немесе 0,4%) және трансферттер (5,2 млрд теңге немесе 0,2%) жергілікті органдарға төмен борыштық жүктемені көрсете отырып, көлемі бойынша шамалы болды.

Сонымен шығыс құрылымы әлеуметтік міндеттемелер мен экономикалық дамудың арасындағы теңгерімділікті куәландырады. Білім беру, ТКШ және инфрақұрылым – өңірдің үш негізгі басымдығы, бұл ретте ауыл шаруашылығы бюджеттік қолдаудың басты бағыттарының бірі болып қалды.


Демография

2024 жылдың қорытындысы бойынша Солтүстік Қазақстанда барлығы 2 886 580 азамат тұрады, бұл еліміздегі халықтың жалпы санының 14,2%-ын құрайды (20,3 млн адам). Бір жылдың ішінде еліміздің халқы 1,3%-ға өсті, ал солтүстік өңірде халық санының 15,5 мың адамға немесе 0,5%-ға, негізінен Солтүстік Қазақстан облысының арқасында (7957 адамға немесе 1,5%-ға) азайғаны байқалады. Көші-қон ағынының басым бөлігі ірі қалаларға (Астана,

Алматы, Шымкент) үлесінде. Бұл ретте облыстардың қатары (әсіресе солтүстік және батыс) тұрғындарынан айырылды, өйткені жастар мен еңбекке қабілетті жастағы адамдар жұмыс пен білім іздеп елордалық өңірлерге көшіп жатыр.

Халық санының қысқаруынан басқа өңірдің урбанизациясы да өсіп жатыр. Солтүстік өңірдің барлық тұрғынының 61,1%-ға жуығы қалада, ал қалған 1,1 млн адам ауылдық жерде тұрады.

4-сурет. 2024 жылғы урбанизация үлесімен Солтүстік өңір халқының санының картасы



Дереккөз: ҰСБ деректері, BCC Invest компаниясының талдауы

Кейбір облыстар бөлінісінде халықтың ең көп үлесі 825 597 адаммен Қостанай облысында (Солтүстік Қазақстандағы халықтың барлық санының $\approx 28,6\%$). Екінші орында – 787 778 адаммен Ақмола облысы (өңір халқының $27,3\%$ -ға жуығы), одан кейін 751 038 адаммен Павлодар облысы (өңір халқының жалпы санының $26,0\%$ -ға жуығы) және 522 167 адаммен

Солтүстік Қазақстан облысы (өңірдің жалпы халқының $18,1\%$ жуығы) тіркеуді аяқтайды.


Сонымен Қостанай облысы өңірдің ең халық көп қоныстанған бөлігі, ал Солтүстік Қазақстан облысы ең аз бөлігі.

Гендерлік бөліністе халықтың жартысынан көбін, атап айтқанда $51,5\%$ -ын әйелдер құрайды. Бұл

ретте, егер қалалық жерді алатын болсақ, онда ерлер 102 605 адамға аз, ал ауылдық жерде ерлер 16 192 адамға әйелдерден кем. Бәлкім, әйелдер қалада өмір сүруді жиі таңдайтын

шығар, олар жұмысқа орналасу мүмкіндіктеріне, қалалық орта ұсынатын білім беру мен әлеуметтік қолайлы жағдайларға ұмтылады.

5-сурет. Солтүстік Қазақстанда 2024 жылғы жергілікті жер типі бойынша бөліністегі жыныстық-жастық демографиялық пирамида



Дереккөз: ҰСБ деректері, BCC Invest компаниясының талдауы

Пирамидада Солтүстік Қазақстанда жас топтар (0-14 жас) қалалар мен ауылдарда шамамен бірдей, бірақ 15-29 жастан бастап еркектердің «урбанистік» контингенті ауылға қарағанда едәуір кеңірек, бұл жас ер адамдардың қалаға көшіп келгенін көрсетеді. Қала тұрғындарының шыңы 30-44 жас аралығындағы әйелдер арасында

байқалады, ал ауылдарда олардың көбі 45-59 жастағы әйелдер, бұл кемел жастағы ауыл әйелдерінің ауылдарда қалатынын көрсетеді. 60-74 жастағы ауыл әйелдері мен ерлерінің үлесі қалалықтан жоғары, ол ауыл халқының қартаю үрдісін көрсетеді. Жынысы бойынша ең үлкен теңгерімсіздік (әйелдер көп) 75+ егде жаста, әсіресе ауылдық жерде

байқалады. Ал «мыңжылдықтар» (28-42 жас) және «Z буыны» (13-27 жас) айтарлықтай қалада шоғырланған, бұл жастардың ірі елді мекендерге көшкенін растайды.

Деректерді негізге ала отырып, азаматтардың негізгі алты буынын жынысы мен жергілікті жердің типі бойынша бөліп көрсетуге болады.

3-кесте. 2024 жылға Солтүстік Қазақстанда жергілікті жер типі бойынша бөліністегі халық санын жыныстық-жастық бөлу

№	Буын	Жасы	Халық саны				Буын үлесі
			Ерлер		Әйелдер		
			Қала	Ауыл	Қала	Ауыл	
1	Alpha	0 - 12	168 064	106 572	159 648	101 392	18,6%
2	Z ұрпағы	13 - 27	159 814	113 342	152 744	101 365	18,3%
3	Мыңжылдық	28 - 42	199 077	123 809	196 496	100 762	21,5%
4	X буыны	43 - 58	162 482	123 657	187 924	116 630	20,5%
5	Бэби бумер	59 - 77	126 290	92 787	194 715	111 154	18,2%
6	Үнсіз буын	78+	14 868	9 042	41 673	21 714	3,0%
7	Жиынтығы	0 - 100+	830 595	569 209	933 200	553 017	100%

Дереккөз: ҰСБ деректері, BCC Invest компаниясының талдауы

Халықтың ең жасы (0-12 жас аралығындағы Alpha буыны) шамамен 61,2% қалада және 38,8% ауылдық жерде тұрады. Қалада тұру үлесі біртіндеп артып, мыңжылдықтарда (28-ден 42 жасқа дейін) ең жоғары деңгейге ($\approx 63,8\%$) жетті. X буында (43 жасан 58 жасқа дейін) ауыл тұрғындарының үлесі неғұрлым жас когортамен салыстырғанда жоғары ($\approx 40,7\%$). Қарттар арасында (78 жасан жоғары) қалалық қызмет көрсету маңызды (ауылдықтардың 35,2%-ға қарағанда қалалықтардың $\approx 64,8\%$), өйткені ірі орталықтарда медицинаға және әлеуметтік күтімге қолжетімділік анағұрлым дамыған. Бұдан басқа қарт адамдар өздерінің қалалық жылжымайтын мүліктерін тәуелсіз Қазақстаннан бұрын алған болуы мүмкін, сондықтан олар өмір бойы қалалық жерде тұрады.

Жоғарыда жазылғанның бәрін негізге ала отырып, мемлекеттік органдар зейнеткерлер санының едәуір ұлғаюына, соның салдарынан медициналық мекемелерге (әсіресе бүгінгі күні ең «үлкен» когортаның 35,2%-ы тұратын ауылдық жерде) қосымша жүктемеге дайын болуға тиіс. Сонымен бір мезгілде мектепке дейінгі және мектеп мекемелерінің қуатын кеңейтуді жоспарлау керек: балалар мен жасөспірімдерге (0-17 жас) өңірдегі бүкіл халықтың үштен бірі дерлік тиесілі болған жағдайда мектептегі білімге бірінші кезекте назар аудару керек. Оның үстіне заң бойынша Қазақстанның әр азаматы кемінде орта білім алуға міндетті, ал Солтүстік Қазақстан бюджетінің тиісті бөлігі шығыстың ең ірі бабы – «Білім беруді» қалыптастырды. 2024 жылы бұл бап барлық өңірлік шығынның 36,8%-ын немесе 899,6

млрд теңгені құрады, бұл мектептерді, балабақшаларды және мұғалімдердің кадрлық әлеуетін дамытуға салынатын салымның басымдылығын көрсетеді.

Жастар (*Z* буыны және *мыңжылдықтар*), әсіресе ер адамдар ірі қалалар мен көрші өңірлерге белсенді түрде қоныс аударуда. Бұл аграрлық сектор мен шағын бизнесте білікті кадрлардың жетіспеушілігін білдіреді: 2030 жылға қарай ең шалғай ауылдық округтерде бар

шаруашылықтарды қолдауға жеткілікті мамандар қалмауы мүмкін.

Облыс халқының шамамен 40%-ы (*бэби-бумерлердің жартысы мен X буынының басым көпшілігі*) шағын елді мекендерге бөлінгенін ескерсек, оқытуға арналған онлайн-платформаларды ендіру және дәрігерлердің қашықтықтан кеңес беруі бейінді мекемелердің жеткіліксіз санымен байланысты демографиялық тәуекелді айтарлықтай жеңілдетуі мүмкін.

Солтүстік Қазақстанның негізгі тәуекелі мен осал тұстары

Шикізаттық шоғырлану және терең өндеудің жеткіліксіздігі

Өңір шикізат тауарлары мен жартылай фабрикаттар экспортының жоғары үлесін сақтап отыр, ал дайын өнім экспорттық жеткізілімнің кемінде 25%-ын құрайды. Сауданың мұндай бейіні аграрлық және өнеркәсіптік секторлардың әлсіз интеграциясын көрсетеді: ауыл шаруашылығында НКИ-дің өсуіне қарамастан, кәсіпорындар шикізаттан түпкілікті өнімге дейін қайта өндеудің толық циклін қамтымайды, бұл қосылған құн мен экспорт кірістілігін азайтады.

Астық пен майдың әлемдік бағасының құбылмалы болуы жағдайында кез келген есеңгіреу (*кеш аяздар, құрғақшылық*) экспорттаушылардың көлемі мен кірісіне бірден әсер етеді. Терең өндеу үшін оқшауландырылған өндірістердің болмауы өңірді сыртқы сауданың теріс сальдосын ушықтыра отырып, валюталық түсімнің едәуір бөлігін жабдықтар мен технологиялар импортына бағыттауға мәжбүрлейді.

Бұдан бөлек шикізат кластерлерінде шоғырлану (*Павлодарда металлургия, Ақмолада астық өңдеу*) жүйелі тәуекелдерді арттырады: базалық тауарларға әлемдік баға белгілеудің құлдырауы өңірлік кірістің тепе-тең қысқаруына және орталықтан бюджеттік трансферттердің азаюына алып келеді.

Валюталық-бағалық әлсіздік және импортқа тәуелділік

Өңірдің импорттық сатып алуының жартысына жуығы өнеркәсіптік жабдықтар мен жоғары технологиялық компоненттерге тиесілі, бұл бизнес пен бюджеттің елеулі валюталық шығысын негіздейді. Теңге бағамының ауытқуы (*мысалы, 2025 жылғы мамыр айында 506 KZT/USD дейін құлдырауы*) өнеркәсіптік кәсіпорындардың күрделі салымдары мен пайдалану шығысының өзіндік құнын тікелей ұлғайтады.

Бұдан басқа ірі инфрақұрылымдық жобалардың (*жолдар, ЭБЖ*) кешіктірілуі бюджет қаражатының бір бөлігін импорт алмастыратын өндірістерге инвестициялау мүмкіндігін азайтып, ағымдағы шығысқа аударады. Нәтижесінде өңір жабдықтар мен құрамдас бөліктердің сыртқы жеткізілімдеріне тәуелді болып қалады, ал кез келген құнсыздану шағын және орта бизнес субъектілерінің қаржылық көрсеткіштерін қосымша нашарлатады.

Шетелдік технологияларға ұзақ мерзімді байланыстыру отандық техникалық негізді қалыптастыруға кедергі келтіреді, бұл жергілікті өндірушілердің икемділігін және олардың сыртқы күйзелістерге тез ден қою қабілетін шектейді.

Демографиялық теңгерімсіздік және білікті жұмыс күшінің кетуі

Жұмыспен қамтылғандардың 60%-дан астамы қала халқына жатады, ал ауылдық аудандарда жастардың білім алуға және ірі орталықтарда жұмыс іздеуге кетуі сезіледі. 2030 жылға қарай шалғайдағы ауылдық округтерде аграрлық шаруашылықтарды ағымдағы деңгейде ұстау үшін бейінді мамандардың жеткілікті саны қалмауы мүмкін.

Сонымен қатар 65 жастан асқан адамдардың үлесі 20%-ға жақындады, бұл денсаулық сақтауға және әлеуметтік инфрақұрылымға қосымша жүктеме болады. Бұл ретте ауылдық жердегі мектептер мен балабақшаларды дамытуға инвестициялар жеткіліксіз – өңірлік бюджеттің 36,8%-дан астамы білім беруге және әлеуметтік төлемдерге жұмсалады, бірақ олар қалаларда шоғырланған.

Еңбек ресурстарын бөлудің әркелкілігі әртараптандыру мен қосылған құнның өсуін бәсеңдете отырып, өңірлік бизнестің аграрлық және шикізат секторларынан тыс өндірісті кеңейту қабілетін шектейді.

Климаттық және геосаяси тәуекел

Солтүстік Қазақстан маусымдық экстремалды құбылыстарға бейім – көктемгі аяз бен су тасқыны ауыл шаруашылығы жүктерінің астығы мен логистикасына тікелей зиян келтіреді. Мұндай ауа райының ауытқуы 2024 жылдағыдай астық алымдарының төмендеуіне алып келді, ол кезде өңір экспорты құндық мәнде 19,9%-ға төмендеді.

Сыртқы саяси факторлар (*санкциялық режим, ресейлік көршілермен бәсекелестік*) негізгі транзиттік дәліздерге және дайын өнімді өткізу нарықтарына қол жеткізуді шектеуі мүмкін. Сауда кедергілерінің күшеюі жағдайында логистика шығыны артады, ал жеткізу уақыты өседі, бұл өңірлік тауарлардың жаһандық нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді.

Павлодар облысында энергетикалық қуаттардың жоғары шоғырлануы қосымша тәуекелді тудырады: электрмен жабдықтаудағы іркілістер немесе тарифтердің көтерілуі барлық өңдеу өнеркәсібі мен агроазық-түлік кешеніне әсер етеді.

Осал тұстарды азайту және орнықтылықты арттыру жөніндегі ұсынымдар

Терең қайта өңдеуді дамыту және кластерлеу

Жабдықтарды жаңғыртуға арналған мақсатты субсидиялар және технопарктердің резиденттері үшін салық бойынша жеңілдік арқылы агроөндірістің (*май, ұн, ет өнімдері*) және жеңіл өнеркәсіптің өнеркәсіптік кластерлерін құруды ынталандыру керек.

Технологияларды беруді және экспорттық арналарға қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, бірлескен инвестициялық қорлар арқылы ірі бизнес пен шағын өндірушінің арасындағы кооперацияны ілгерілету керек.

Қалалық агломерацияны (*мысалы: Павлодар қаласы*) жаңғыртқан кезде құрылыс материалдары мен инженерлік жүйелер өндірісін оқшаулау үшін инфрақұрылымы бар «жасыл» индустриялық аймақтарды әзірлеу керек.

Импорт алмастыруды және валюталық тұрақтылықты нығайту

Негізгі тораптар мен агрегаттардың импортына тәуелділікті қысқарта отырып, машина жасау және технологиялық компаниялар үшін экспорттық қаржыландыру құралдары бойынша жеңілдікті кредиттер мен кепілдіктер енгізу керек.

Ұсақ өндірушілер үшін кіру кедергісін азайтып, шетелдік технологияларды жергілікті жағдайларға бейімдеу үшін

инновациялар трансфертінің өңірлік орталығын құру керек.

Теңге бағамының күрт ауытқуынан қорғауды қамтамасыз ете отырып, стратегиялық салалардың кәсіпорындары үшін валюталық тәуекелге қарсы сақтандыру және хеджінгтік тетіктерді енгізу керек.

Кешенді демографиялық және кадр саясаты

Жергілікті жерде мамандарды ұстап қалуға және қызмет көрсету сапасын арттыруға мүмкіндік бере отырып, ауылдық аудандарда қашықтан оқыту және телемедицина үшін онлайн-платформаларды өрістетуге керек.

Шағын елді мекендерге келген жас мамандар мен мұғалімдер үшін гранттар мен «мобильді» әлеуметтік пакеттер (*тұрғын үй, көлік, отбасылық төлем*) белгілеу керек.

Жергілікті біліктілікті арттыру орталықтарын құрып, ірі агрохолдингтер мен индустриялық компаниялардың арасында корпоративтік оқытуды дамытуға жәрдемдесу керек.

Климаттық және геосаяси қатерлерге бейімделу

Төтенше климаттық оқиғалар кезінде қаржылық тәуекелді азайтып, ауа райы индекстері мен сақтандырылған шығынның негізінде аграрийлерге индекстелетін субсидиялар енгізу керек.

Көмірсутек отыны мен тарифтік тәуекелге тәуелділікті азайта отырып, жаңартылатын энергетикаға

(жел және кун станциялары) және «ақылды» жергілікті желілерге инвестициялау керек.

Резервтік логистикалық бағыттарды және жалпы инфрақұрылымдық жобаларды (даліздер, қойма-хабтар) құру бойынша Ресейдің және Орталық Азияның өңірлерімен трансшекаралық ынтымақтастықты дамыту керек.

«Суық технологиялар» кластерін және ызғарлы ауа райы жағдайы үшін функционалдық тауарларды дамыту

Климаты қолайлы аудандарда пассивті (ауа немесе геотермалды) салқындатылатын дата-орталықтарды орналастыру үшін алаңдар құру (орташа жылдық төмен температура, «күндізгі-түнгі» жоғары ауытқу). Энергия үнемдеуші технологиялар мен «жасыл» энергия инфрақұрылымын пайдаланған кезде, электр желілеріне қосылуға субсидиялар мен жер салығы бойынша жеңілдік беру керек.

Норвегиялық стандарттар бойынша жоғары технологиялық термопакеттер (қалта түріндегі бір реттік қыздырғыштар), жылы курткалар мен комбинезондар шығаратын жергілікті кәсіпорындарды ынталандыру. Инновациялық материалдарды (фазалық өту, «ақылды» синтетикалық талшықтар) және технопарктер жанындағы сынақ зертханаларын енгізуге гранттық қолдау көрсету керек.

Маркетингтік қолдау көрсете отырып және халықаралық дистрибьюторларды (Оңтүстік Корея, Скандинавия елдері) тарта отырып, «салқын» шешімдерді (серверлер, арнайы киімдер, термопакеттер) өндірушілердің экспорттық пулдарын ұйымдастыру керек. Бірлескен көрмелер мен B2B-миссияларды қоса алғанда, мемлекеттік органдардың қатысуымен «салқын технологиялар» орталығы ретінде өңір брендин әзірлеу керек.

Қысқарған сөздер тізімі

№	Акроним		Толық атауы
1	АҚ	—	Акционерлік қоғам
2	АӨК	—	Агроөнеркәсіптік кешен
3	ӘС	—	Әлеуметтік салық
4	Байланыс	—	Ақпарат және байланыс
5	ж/ж	—	Есептік кезеңнің өткен жылдың тиісті кезеңіне арақатынасы
6	ЖЗТ	—	Жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар
8	ЖІӨ	—	Жалпы ішкі өнім
9	ЖҚҚ	—	Жалпы қосылған құн
10	ЖӨӨ	—	Жалпы өңірлік өнім
11	ЖТС	—	Жеке табыс салығы
12	ЖЭО	—	Жылу электр орталығы
13	ЖЭС	—	Жылу электр станциясы
14	ІҚМ	—	Ірі қара мал
15	Көлік	—	Көлік және қоймаға жинау
16	КТС	—	Корпоративтік табыс салығы
17	ҚМ	—	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
18	ҚР	—	Қазақстан Республикасы
19	МКК	—	Мемлекеттік кірістер комитеті
20	НКИ	—	Нақты көлем индексі
21	ОЭК	—	Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану
22	п.т.	—	Пайыздық тармақ
23	Ресей	—	Ресей Федерациясы
24	Сауда	—	Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу
25	СББ	—	Сандық бағдарламалық басқару
26	Сумен жабдықтау	—	Сумен жабдықтау; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою қызметі
27	СЭҚТН	—	Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы
28	ТКШ	—	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық
29	ҰСБ	—	Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы
30	ФАП	—	Фельдшерлік-акушерлік пункт
31	ЭҚЖЖ	—	Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші
32	Электрмен жабдықтау	—	Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және кондицияланған ауамен жабдықтау
33	SWOT	—	Strengths - Weaknesses - Opportunities - Threats